



“Ортаңғы топ”

Драма

Тақырыбы: “Бауырсақ” ертегісін
драматизациялау



2017 оқу жылы



Білім беру саласы: “Коммуникация”

Ұйымдастырылған оқу қызмет түрі: Драма

Тақырыбы: “Бауырсақ”

Мақсаты: а) Балаларға ертегілер туралы түсінік беру.

Ертегі кейіпкерлерін қонаққа шақыра отырып, қиялы мен қабілетін жетілдіру;

в) Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру;


с) Өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, мейірімділікке баулу;

Қойылымның кейіпкерлері: Автор, шал, кемпір, бауырсақ, қоян, қасқыр, аю, түлкі.

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, көрсету, жұмбақтар, сергіту сәті

Көрнекіліктері: Ертегілер кубигі, орманды мекендеген аңдар, атрибуттар

Билингвистикалық компонент: Қоян-заяц-hare, аю-медведь-bear, түлкі-лиса- a fox, қасқыр-волк-wolf





Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет

Әрекет
кезеңдері

Тәрбиеші
нің іс-
әрекеті

Баланың
қызметі

Әрекет кезеңдері

Мотивациялық-
қозғаушы

Ізденуші-
ұйымдастырушы

Рефлексивті-
түзетуші



Мотивациялық қозғаушы

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Сәлеметсің бе, Алтын күн!
Сәлеметсің бе, Жер ана!
Сәлеметсіздер ме, қонақтар!
Сәлеметсіздер ме, достарым!
Сендерді көргеніме
қуаныштымын!
-Балалар, бәріміз шеңбер
кұрайық. Бір-бірімізге жылы
лебізімізді білдірейік.


Баланың іс-әрекеті

Сәлеметсің бе, Іңкәр, сен
Сүйкімдісің.
-Сәлеметсің бе, Ердәулет, сен
қайсарсың.
-Сәлеметсің бе, Әбдірахым, сен
ақылдысың.
-Сәлеметсің бе, Інжу, сен
сабырлысың.
-Сәлеметсің бе, Аянат, сен
мейірімдісің.
Сәлеметсің бе, Димаш, сен
батылсың.



Іздену ұйымдастырушы

Жұмбақтар шешеміз “Бұл қай жануар?”



1. Сылдырдан қорқады,
Шошынып
жортады. (Қоян)

2. Қорбаң- қорбаң етеді,
Балды жақсы көреді
(аю)

3. Орманда тұрады, өзі бір қу,
Жүрген жері айқай-шу.
(түлкі).

4. Жол бойында жортқан,
Сыбызғысын тартқан.
(Қасқыр)





Ертегі- халқымыздың ертеден бері келе жатқан мәдени мұраларының бірі, ауыз әдебиеті. Ертегіні мазмұнына қарай, әр алуан ерекшеліктеріне қарай бір неше түрге бөлуге болады.

- жануарлар жайында
- қиял-ғажайып ертегілер
- шыншыл ертегілер

Ертегіден халқымыздың тұрмыс-салтын, әдеп-ғұрыпын білеміз.

Онда шындық оқиға мен қиял-ғажайып оқиға аралас келіп отырады.

- Біз бүгінгі сабағында ертеден келе жатқан *«Бауырсақ»* ертегісімен танысамыз.
- Күнделікті сабақта осы уақытқа дейін көп ертегілермен таныстық. Қане, қандай ертегілер естеріңде қалды?





Дидактикалық ойын: “Бұл қай ертегі?”

Мақсаты: Аңғарымпаздыққа, байқағыштыққа сөздік қорын байытуға тәрбиелеу. Өткен оқу қызметтерін еске түсіру.

Мазмұны: Ертегі кейіпкерлерінің суреті бар кубик арқылы өткен оқу қызметтерін еске

Билингвистикалық компонент: Қоян-заяц-hare, аю-медведь-bear, түлкі-лиса- a fox, қасқыр-волк-wolf

Бауырсақ ертегісін драмалау

Автор:



Кемпір мен шал болыпты. Бірде шал жалынып:

Шал

- Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші.

Кемпір

- Неден пісірейін? Ұн жоқ қой!

Шал

- Әй, кемпірім-ай ! Қойманың түбін қырнап көрсең зой ұн табылып қалар.

Автор:

Кемпірі солай істейді: қойма түбін қырып-қырнап екі уыс ұн табады да, қаймаққа шылап, қамыр илеп, бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытқалы қояды.

Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан үйдің іргесіне домалап түседі, іргеден көгал үстіне домалайды, көгалдан жылжып жолға жетеді. Одан әрі жолмен зырлай жөнеледі.

Бауырсақ жолда зымырап бара жатса, қарсы алдынан қоян шыға келеді.

Қоян

Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

Бауырсақ

Жоқ, сен мені жеме, мен саған өлең айтып беремін, оданда соны тыңда

Автор:

Қоян құлағын түреді, ал бауырсақ әнге басады:

Бауырсақ

«Менің атым Бауырсақ, Бауырсақ! Қаймаққа иленгем, майға пісірілгем, терезеде суығам.

Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме. Ұстатпай кетем Қоян саған да!»



Автор: -деп бауырсақ қаша жөнеледі

-Бауырсақ жалғыз аяқ жолмен келе жатса, оның алдынан қасқыр шыға келіп:

Қасқыр

Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

Бауырсақ

- Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін.

Автор:

Бауырсақ әндете жөнеледі

Бауырсақ

«Менің атым Бауырсақ, Бауырсақ! Қаймаққа иленгем, майға пісірілгем, терезеде суығам.
Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме. Ұстатпай кеттім Қоянға. Ұстатпай кетем
Қасқыр саған да!»

Автор:

Бауырсақ орман ішімен домалап келе жатса оған аю қарсы шығады.

Аю

- Әй , бауырсақ ! Мен сені жеп қоямын!

Бауырсақ

«Менің атым Бауырсақ, Бауырсақ! Қаймаққа иленгем, майға пісірілгем, терезеде суығам.
Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме. Ұстатпай кеттім Қоян менен Қасқырға.
Ұстатпай кетем аю саған да!»





Автор:

Осылай бауырсақ әрі қарай домалай жөнеледі.

Бауырсақ жолда әндетіп келе жатса оған Түлкі жолығады:

- Бауырсақ, Бауырсақ, қайдан домалап барасың? - дейді ол.
- Жолмен домалап барамын.
- Бауырсақ, Бауырсақ, маған өлең айтып берші!...

- Содан Бауырсақ: «Менің атым Бауырсақ, Бауырсақ! Қаймаққа иленгем, майға пісірілгем, терезеде суығам. Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме. Ұстатпай кеттім Қоян менен Қасқырға. Ұстатпай кеттім Аюға, ұстатпаймын саған мүлде де!» деп өлеңін айтып береді.

Түлкі оған)

- Әнің өте жақсы екен. Бірақ жөнді ести алмай тұрғаным. Жаныма жақындап, әніңді тағы бір рет қаттырақ айтшы, - дейді.

Автор:

Бауырсақ Түлкінің қасына жақындап алып бар даусымен әнін айтады. Сол кезде Түлкі ұстап алады.

- Түлкі, сен мені жеп қайтесің! – дейді Бауырсақ. Жүр одан да біздікіне, Атам мен Әжеме барайық. Олар сені тойғызады.

Түлкі келіседі. Жолшыбай өздерімен бірге Қоян, Қасқыр мен Аюды ертіп алады. Олар келсе Әжесі көп қаусырма пісіріп қойыпты. Қоянға орамжапырақ салған, Қасқыр мен Түлкіге ет салған, Аюға таңқурай салған қаусырма тиеді. Ал Бауырсақ терезенің алдында өзінің әнін айтып отырады.



Сергіту сәті

*Біз орманға барамыз,
Жан-жағымызға қараймыз .*

*Аю шықты қорбаңдап,
Қасқыр шықты ырылдап,
Түлкі шықты майысып,
Қоян шықты секіріп,
Қорықпаңдар балалар,
Өз орныңды табыңдар.*



Рефлексивті коррекциялаушы

Қимылды ойын: *“Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін сал”*

Мақсаты: *Ертегі туралы түсінік қалыптастыру. Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін ажырата білуге баулу. Ертегінің халық өмірімен байланысын ұғындыру. Қиялын шыңдау.*

Қорытынды

- Балалар ертегі сендерге ұнады ма?

Ертегінің мазмұны не жайында екен? Ал, енді балалар, ертегідегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді айыру үшін мынадай тапсырмалар орындайық.

Неліктен бұл жерде аю, қасқыр, жағымды кейіпкерлерге жатады? (Өйткені олар бауырсақты жеген жоқ.)





Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Ертегілер жайлы мәліметті, ертегі кейіпкерлерін біледі

Игеруі керек: Ертегілер айырмашылығын, жануарлардың жүрісін сала алады.

Үйренуі керек: Айырмашылықтарын таба білу дағдыларын. Кейіпкерлерді драммалауды үйренеді.

Машықтанушы: Тойбақарова Нағима
Қанатқызы





Оқу қызметі аяқталды .

Назар

аударғандарыңызға

рахмет!

